

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 82 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2667 тіркелген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 Жарлығына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 82 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 746 тіркелген, 1999 жылғы 26 сәуір - 9 мамыр аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1290 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 381 қаулысымен бекітілген өзгеріс пен толықтырумен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1425 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 14 қаулысымен бекітілген толықтырумен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2493 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 тамыздағы N 300 қаулысымен бекітілген өзгерістермен қоса) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алу ережесінің:

9-тармағындағы "есептеу жұмысы бөлімшесіне" деген сөздер "қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ұлттық Банктің қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі ай сайын есепті айдан кейінгі айдың тоғызынан кешіктірмей Ұлттық Банк филиалдарының кассалық қызмет көрсету туралы есептерінің негізінде Ереженің 4-қосымшасына сай нысан бойынша банктер бөлігінде есептер жиынтығын (бұдан әрі - Банктер бойынша жиынтық) жасайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ұлттық Банктің Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі:

1) онынан кешіктірмей Банктер бойынша жиынтықтың негізінде банктер бөлігінде белгіленген тарифтер бойынша кассалық қызмет көрсету бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу есебін, банкке ақы төлеу үшін шот-фактура дайындап, жібереді;

2) есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей Ұлттық Банктің төлем жүйесі бөлімшесіне банктік шот шартында белгіленген мерзімде кассалық қызмет көрсету бойынша қызметке ақы төлемеген банктердің тізімін (бұдан әрі - Банктердің тізімі) тиісті шот-фактураларды қоса бере отырып жібереді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ұлттық Банктің төлем жүйесі бөлімшесі қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесінен Банктердің тізімін алғаннан кейін корреспонденттік шоттың шартында көрсетілген талаптарға сәйкес банктердің корреспонденттік шоттарынан тиісті шот-фактурада көрсетілген мөлшерде ақша алады (есептен шығарады).";

13-тармақ алынып тасталсын;

1, 2 және 3-қосымшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі филиалдарының
екінші деңгейдегі банктерге
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдарға кассалық қызмет
көрсеткені үшін ақы алу ережесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі _____
(филиалдың атауы)

филиалының _____
(банктің атауы) _____ (кіріс құжатының атауы)

қолма-қол ақша қабылдап алғаны туралы 200_ жылғы _____ N _____

Анықтама

N	Номиналы, теңге		Кіріс
	р/с	саны	
1	2	3	4

1.	Жарамды	банкноттар			
		1	0	0	0
		2	0	0	0
		5	0	0	0
		1	0	0	0
		2	0	0	0
		5	0	0	0
		1	0	0	0

2.	Тозығы	жеткен			
		банкноттар			
		1			
		3			
		5			
		1			0
		2			0
		5			0
		1	0	0	0
		2	0	0	0
		5	0	0	0
		1	0	0	0
		2	0	0	0
		5	0	0	0
		1	0	0	0

Банкноттардың
жиынтығы :

3.	Монеталар			
		1		
		5		
		1		0

2 0
5 0
1 0 0

М о н е т а л а р д ы ң
ж и ы н т ы ғ ы :

Қолма-қол ақша тапсырған
банк қызметкері _____
(қолы) (фамилиясы)
Қолма-қол ақшаны қабылдаған
касса қызметкері _____
(қолы) (фамилиясы)
Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі филиалдарының екінші
деңгейдегі банктерге және
банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдарға кассалық қызмет
көрсеткені үшін ақы алу ережесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____
(филиалдың атауы)
филиалының _____
(банктің атауы) (шығыс құжатының атауы)
қолма-қол ақша бергені туралы 200_ жылғы _____ N _____

Анықтама

Номиналы, теңге	Шығыс
	саны сомасы, теңге
1	2 3

Б а н к н о т т а р

1	0	0	
2	0	0	
5	0	0	
1	0	0	0

2 0 0 0
5 0 0 0
1 0 0 0 0

Банкноттардың

жиынтығы:

Монеталар

1
5
1 0
2 0
5 0
1 0 0

Монеталардың

жиынтығы:

Қолма-қол ақша алуға арналған Өтінімде
көрсетілген сома, теңге

Касса меңгерушісі

_____ (қолы)

_____ (фамилиясы)

Филиал директоры

_____ (қолы)

_____ (фамилиясы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі филиалдарының екінші
деңгейдегі банктерге және
банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдарға кассалық қызмет
көрсеткені үшін ақы алу ережесіне

3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____

(филиалдың атауы)

филиалының 200_ жылғы " _ " _____ банктерге кассалық қызмет
көрсетуі туралы

Есебі

N | Банк | Бас | Банкноттар | Монеталар
р/с | филиал. | банк. | |

л ы н ы ң т і ң									
атауы коды		Кіріс, Шығыс,		Кіріс, Шығыс,		Кіріс, Шығыс,		Кіріс, Шығыс,	
		теңге теңге		теңге теңге		теңге теңге		теңге теңге	
		1- 2000- тоз. 1- 2000-		1000 10000 ған 1000 10000					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.
- ...

Ж и ы н т ы ғ ы

таблицаның жалғасы

N р/с	Кассалық қызмет көрсетудің жиынтығы	
	К і р і с	Ш ы ғ ы с
	(4 ж о л +	(7 ж о л +
	5 ж о л	8 ж о л +
	+ 6 ж о л +	+ 10 ж о л)
	9 ж о л)	
1	1 1	1 2

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

- 6.
- 7.
- 8.
- ...

Ж и ы н т ы ғ ы

Касса меңгерушісі _____
 (қолы) _____ (фамилиясы)

Филиал директоры _____
 (қолы) _____ (фамилиясы)

".

мынадай мазмұндағы 4-қосымшамен толықтырылсын:

Қазақстан Республикасының Ұлттық
 Банкі филиалдарының екінші
 деңгейдегі банктерге
 және банк операцияларының
 жекелеген түрлерін жүзеге
 асыратын ұйымдарға кассалық
 қызмет көрсеткені үшін ақы
 алу ережесіне

4-қосымша

**Банктер бөлігінде кассалық қызмет
 көрсету туралы есептер жинағы**

N р/с	Банктің коды	Банктің атауы	Кіріс бойынша тариф	Шығыс тариф	Жиынтығы бойынша тариф
1	2	3	4	5	6

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.

Ж и ы н т ы ғ ы

Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесінің басшысы	_____	_____
	(қолы)	(фамилиясы)
Орындаушы	_____	_____
	(қолы)	(фамилиясы)

”.

2. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне жіберсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Б.Жәмішевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы